

біз КСРО-ның мұрагерлерінің болып қалуымыз көптеген саяси, экономикалық аспектілерге әлі күнге дейін әсер беруде.

Ал, 1918 жылдардағы азаматтық соғыс жылдарындағы қиын-қыстау уақытта Уақытша Сібір үкіметі мен Алаш-Орданың арасындағы хаттардан бір-біріне деген көмектің мұқтаждығы мен өзара байланысының үздіксіз болғандығы екі ұқсас үкіметтің арасын жақындатуға тырысқан болатын.

Қорытындылай келгенде, Еуразиялық идея қазіргі таңда өзінің қолданыс аясын табуды. Ал, оның болашақтағы әрі қарай өмір сүруі мен дамуы айқын көрініс табады. Оның тіпті басқа ұйымдар арқылы әрі қарай қолданылуы әбден мүмкін. Әлемдік деңгейде бұндай ұйымдардың болуы да Қазақстанның беделін көтеруі әбден мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Трепавлев В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в.: Проблемы исторической преемственности. -М., 1993.
2. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. - Алматы, 2005. - Т 2. - С. 185-186.
3. Шиловский М. В. Гуманитарные проблемы военного дела. - № 2, 2016. - С. 59.
4. Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Президенті. Еуразиялық Одақ: Идеядан болашақтың тарихына. // «EgemenQazaqstan», 27 Қазан, 2011.
5. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 .ж- желтоқсан 1917 ж.. -Алматы: "Алаш", 204. 1-томындағы № 182 құжатта жарияланған.
6. Из редакционного сообщения о Чрезвычайном общесибирском съезде. 13 декабря 1917 года.(АП РК)
7. Телеграмма Чрезвычайного сибирского областного съезда депутатов - представителей революционных демократических организаций областному земству городской думы, Совету рабочих, солдатских и крестьянских депутатов, мусульманскому комитету, казахскому Совету депутатов и Союзу кредитных товариществ, опубликованная под заголовком 'Сибирская автономия'. 17 декабря 1917 г.(АП РК)
8. Свободная речь. - 1917. - № 10.

### **«ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ДӘРІГЕР ҚЫЗЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, «АЛАШ» ПАРТИЯСЫНЫҢ БЕЛСЕНДІ ӨКІЛІ- АҚҚАҒАЗ ДОСЖАНОВА»**

Алтынбек Г.Б.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[kidralieva\\_a.b@mail.ru](mailto:kidralieva_a.b@mail.ru)

Қарағанды қ.

Аққағаз Досжанова — қазақ тарихында ерекше орын алатын, өз батырлығымен және қоғамдық қызметімен елінің маңдайына біткен бағы болған қайсар қыздар қатарында. 1900 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Қазақтың талантты да, ұлтшыл аяулысы. Аққағаз Досжанова — заманында қайраткерлігімен өз ортасынан суырылып алға шыққан. Сол кезеңнен бастап елдің жоғын жоқтап, халықтың қамын жеп сөзін сөйлеген. 1917 жылы қазақ зиялылары ұйымдастырған Мәскеудегі Татар слободасындағы медреседе өткен бас қосуға қатысып, ислам елдерінің азат болуы туралы баяндама жасайды. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлік.

«Қазақтың тұңғыш дәрігер қызы, қоғам қайраткері, «Алаш» партиясының белсенді өкілі-Аққағаз Досжанова» атты тақырыптың маңыздылығы бүгінгі таңда қазақ қыздарының жеке тұлғалардың рөлін көрсету қажеттілігінде жатыр. Аққағаз Досжанова — өз кәсібінде жоғары біліктілігімен, адамдарға деген жанашырлығымен ерекшеленетін жан. Оның қызметі мен жетістіктері қазақ халқына, әсіресе, медицина саласында жаңа стандарттар мен инновациялар енгізуге ұмтылатын жастарға үлгі болады.

Аты көп кездесе бермейтін тұлға болғандықтан, Аққағаз Досжанова өз кәсібінің шебері ретінде, Қазақстанның медициналық жүйесінде ерекше орын алады. Ол медицинаның түрлі аспектілерін зерттеу және дамыту арқылы ғана емес, сонымен қатар, пациенттермен тығыз байланыс орнатып, олардың денсаулығын жақсартуға арналған маңызды жұмыстар атқарды.

Осы мақалада Аққағаз Досжанованың жеке және кәсіби жетістіктері арқылы қазақ медицинасындағы үлесін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін ақпараттар ұсынылады. Оның тағдыры мен еңбектері қоғамымыздағы дәрігерлердің маңызды рөлін көрсетеді, сонымен қатар, медицина саласында тың идеялар мен инновацияларға ашық болудың қажеттілігін айқындайды.

Аққағаз Досжанова 1893 жылы 21 мамыр күні Орынбор губерниясына қарасты Торғай облысы, Ақтөбе уезінің бесінші ауылында (қазіргі Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Бөрте ауылы) дүниеге есігін ашады. Ол туралы 1993 жылы «Ақиқат» журналының №6 номерінде филология ғылымының кандидаты Р.Сыздыққызы

«Қазақтың қайраткер қыздары» деген мақаласында былай келтірген: Аққағаздың әкесін халық «Батыр Омар», «шәйіт Омар» деп атаған. Аты ерлігімен аңызға айналып, кейініректе «сібір Омар» аталып кеткен Омар Досжанов 1857 жылы Торғай облысындағы Қостанай уезіне қарасты Домбар болысының екінші ауылында туған. Қазақстандағы революциялық қозғалысқа, Қостанай уезінде Кеңес үкіметін орнату жолындағы күреске берсене қатысқан революционер. Троицкідегі орыс-қазақ мектебінде білім алған аудармашы, кеңес хатшысы қызметін атқарған. Кейіннен Ташкентке ауысады. Сауатты, әрі шешен ол үстем тап өкілдерінен қаймықпай, олардың қарапайым халыққа жасаған қияметтерін беттеріне басып, батыл әшкерлейді. Бірақ әділдік іздеп, әділетсіздіктің жолында көптеген қиыншылықтарға жолығады. Үстем тап өкілдерінің қолына түседі. Ол жайлы «Қазақ Советтік Энциклопедиясының» 4-томында былай жазылған: «Бір байдың тағылық қорлығына шыдап, өлім тырнағында жатқан әйелге араша түсіп, құтқарғаны үшін қала басшылары Досжановты нақақтан – нақақ Сібірге қаторғаға айдайды». 1910 жылы елге оралған Омарға тыныш өмір сүруіне мүмкіндік бермейді. 1912 жылы Омар Досжанов Қостанай түрмесіне қайта қамалады. Енді оны «шаригатқа бағынбады, бүкіл Русьдің императорына тіл тигізді» деп айыптайды. Қазан революциясы қарсаңында Омар Досжановқа бостандық беріліп, ол 1918 жылы қаңтарда Қостанай уездік Кеңес Атқару Комитетінің мүшесі және Соғыс-революциялық трибуналдың төрағасы болып сайланады. Бұл уақытта уақытша контрреволюциялық үкімет орнаған болатын. Досжанов қаза табады. Аққағаз өз жазбаларында әкесі туралы естелік қалдырады « ... Бір күні мен әкемнің өзін қандай сылтаумен зәбірлегені туралы әңгімесін естідім. Әкем түнде қайтып келе жатқанда, жан түншігерлік айғай естиді. Сол дауыс шыққан жаққа қарай барады. Ақ отауға келіп, оның жабағынан сығаласа, мынадай тағылық істің куәсі болады. Ортада жан-жағына жастық тіреп алаған феодал отыр, қолында таяқ, әлденеге риза болғандай күлімдейді. Ал, алдында тақыр жерде, қолы байланған, омырауы жалаңаш тоқалы жатыр. Оның қасында байдың бәйбішесінен туған бес жасар бала кішкентай күшігімен ойнап отыр. Ол күшікті сорлы тоқалдың төсіне апарып салады. Күшік оны жабысып еміп, тілімен жалап жатыр. Бұндай тағылықты естігенмен, көзбен көрмеген Омар үйге кіреді. Отауға кіріп келіп, әйелді арашалап алады. Бай оның басынан таяқпен салып қалады. Әкемнің денесі зор еді, ол бір соққанда байды шалқасынан түсіреді. Сөйтіп, арашалап алған әйелді ертіп, түн ішінде қашып кетеді. Байлар мен молдалар әйелдің теңдігін қорғағаны үшін, отбасының ісіне араласып, шаригат заңына қарсы келгені үшін қаторғаға айдап жібереді. Мен 4 жасқа толғанда, біз елге оралдық. Әкем Сібірде 22 жыл болды. Халық оны содан бері «Сібірдің Омары» деп атайтын болды» [1].

Сібірден оралған соң, Аққағаздың анасы қайтыс болады. Мақала Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің материалдар қорында сақталған. Бұл дерек Аққағаздың өз қолынан жазылған естелік болғандықтан, мақала үшін маңызы зор.

Әке-шешесінен ерте айырылған Аққағаз ағасы Сағындықтың қамқорлығында өседі. Болашақ мамандығын таңдауда Сағындықтың ықпалы зор болды. Сағындық Досжанов білімді, сауатты тұлға еді. Оның Орынбордағы орыс-қазақ училищесін және мұғалімдер даярлау курстарын тәмамдағанын мұрағат құжаттары растайды.

Еңбек жолын Орынбор мен Ақтөбеде бастаған Сағындық сол өңірлерде мектептер ашып, ағартушылық қызметпен айналысты. Сағындықты ағартушы-ғалым Ыбырай Алтынсариннің жолын ұстанды деуге болады. Сонымен қатар, ол Алашорда партиясының Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтар басшылық еткен батыс канатының мүшесі болды.

Сағындық Досжанов сол уақытта жергілікті қыздарды оқуға беруге болмайды деген пікірге қарсы шығып, кішкентай Аққағазды мектепке берді. Досжановтың бұл әрекеті қазақтың алғашқы ақ халатты қызы үшін биік белестерге көтерілуге алғашқы қадам болды. 1914 жылы Орынбор қыздар гимназиясын үздік бітірген талантты да белсенді қыз Мәскеудегі медицина курсына оқуға қабылданады.

Мәскеу қаласында 4 жыл білім ала жүріп, саяси өмірге белсене араласады. Мәселен, 1917 жылы Мәскеудегі Татар слободасындағы медреседе қазақ зиялылары ұйымдастырған бас қосуға қатысып, мұсылман елдерінің азаттығы туралы арнайы баяндама жасайды. Мәскеудегі белгілі қоғам қайраткерлерінің ақыл кеңесімен сол 1-8 мамыры аралығында Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, биік мінберден мұсылман әйелдерінің мұң-мұқтажын жоқтап сөз сөйлеп, төрт делегаттың бірі болып сайланады. Осында оқыған жылдар оның өмірі мен көзқарасына үлкен өзгерістер әкеледі.

Тұңғыш дәрігер қыздың өмірі мен қызметін зерттеушілер, 1918 жылы денсаулығының сыр беруіне байланысты елге қайтып, емделуге мәжбүр болғанын айтады. Сол уақыттағы қазақ зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Жаһанша Досмұхамбетов т.б құрған «Алаш» партиясы қазақ елінің автономиялық дербестігін алу жолында күреске шығады. Қазақ зиялылары басқа да ұлттармен біріге отырып, пролетариат диктатурасы толық жеңгенше күрес жүргізеді. Алаш партиясының саяси қызметіне араласқан Аққағаз Досжанова Ақтөбе, Гурьев (Атырау), Хан ордасы, Орал жағына аттанады. Кеңес үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған уақытта, зейінді қазақ қызы Орынбордағы орталықтармен етене жұмыс жасап отырады. Хиуа мен Бұхара саяси жағдайларды бақылып, хабар алмасып отырған. 1918-1919 жылдардағы отты оқиғаларға қатысы бар Гүлсім мен Сафия Музафаева сияқты башқұрт, татар қыздарымен қатар қазақ қызы Аққағаздың Шығыс түрік халықтары арасынан шыққан ерекше жан екенін Заки Валиди Тоған мақтанышпен жазады [2, 38 б.].

А.Досжанова өз қызметімен ел аралап жүргендігін пайдаланып «Алаш» үкіметінің құпия өкілі ретінде «Алаш» партиясының барлаушысы болып, берілген тапсырмаларды жасырын түрде орындап, байланыс

орнатқан көрнекті өкіл болғандығын, Мәскеудегі саяси ахуал жөнінде Әліби Жангелдинге ақпараттарды беріп отырғандығы сөз етіледі [2, 36 б.].

Н.Мартыненконың жинақтаған мұрағат құжаттары мен «Алаш орда» съездері жинақтарынан Сағындық пен Аққағаз Досжановтардың «Алаш» партиясының белсенді өкілдері болғандығы айқындалды [3, 108 б.].

Жібек Қаңтарбаеваның 1976 жылы жарық көрген «Аққағаз Досжанова» атты еңбегінде 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Аққағаз Москвада, Орынборда, Татар слободасындағы медресеге жиналған студент арасында орыс тілінде бүгінгі жағдай ертеңгі жарқын болашақ туралы жасаған баяндамасының түп нұсқасы сақталмағандығын, Аққағаз сондай жастар қозғалысына белсене араласқан деп келтіреді [2, 42 б.]. Дегенмен, оның өскен ортасына, өмір жолына барлай қарасақ, жап-жас қазақ қызының саяси күреске белсене араласқанын көреміз.

Аққағаз Досжанова елге оралып, бір жылдай ауылда тынығып, денсаулығын дұрыстап алған бойжеткен әрекетсіз отыруды жөн көрмеді. Мәскеуде бірер жыл оқып келгені бар, білім нәріне толық сусындап үлгермеген талапты жас қайтсе де білім алуға, оқу үйренуге құлшынды. «Талаптыға нұр жауар» демекші, сол жылы білімге құштар жүректің арманы орындалып, Аққағаз Томск қаласындағы дәрігерлік институтқа оқуға түсті. 1921 жылы білім ордасын ойдағыдай тәмәмдаған болашақ дәрігер осы жылы Семей облысының Абай ауданына келіп, тәжірибеден өтті.

Томск университетінен кейін Аққағаз Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетінде оқуын жалғастырып, дәрігер-ординатор лауазымында тәжірибеден өтеді.

Томск пен Ташкенттегі оқу орнын үздік бітірген Аққағаз 1922 жылы кәсіби маман болып шығады. Бұл оқиға назарсыз қалмайды: сол кездегі Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары С. Қожановтың үйінде алаштың әйгілі тұлғалары Т. Рысқұлов, Ә. Омаров, С. Асфендияров, Б. Сүлеев, С. Айзунов, Н. Төреқұлов, М. Тынышбаев, М. Әуезов, Х. Досмұхамедов және басқалары бас қосып, бұл жайтты атап өткен.

Университетті бітіргеннен кейін Аққағаз Ташкентте дәрігер болып жұмыс істеп, жетімдерді емдеп, қоғамдық жұмыстармен айналысады. 1921 жылы 11 қыркүйекте «Степная правда» газетінде ел ішінде белең алған жұкпалы аурулардың қаупі туралы «Түркістан» атты мақаласы жарияланды. Медицина тақырыбындағы еңбектерінен бөлек, «Әйел теңдігі», «Абай», «Жас азамат» сияқты журналдарда да жазбалары жарық көріп тұрады [4, 95 б.].

Оның жазу, сызуға деген қабілеті Орынборда жүрген кезден бастап байқалған, өйткені 1914 жылы Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетінің редакциясында М. Дулатовтың жары Ғайнижамал Дулатова, Мұхтар Мурзиннің жары Гүлайым Балғынбаева және Аққағаз Досжанова болатын. Әлеуметтік желіде үшеуінің бірге түскен суреттері соның дәлелі болып табылады. Қазақ журналистикасының алғашқы қарлығаштары деуге әбден болады. Қазіргі ғылыми зерттеулер, оның жазбаларын саралай келе А. Досжанова публицист, журналист деген атаулар береді. Себебі, ол ең алғашқы жазбаларын «Жас азамат» журналында жариялаған (бұл журнал бұрынғы «Қазақ» газетінің жалғасы). Жастарды азаттық рухында тәрбиелеу, патриотизмге баулу, азаттық жолында үлкен күреске дайындау мақсатында тырнақ алды туындылары жарық көрді. Дегенмен, ол дәрігер болғандықтан, көбіне халық денсаулығына байланысты мақалалар жариялаған. Сол кезеңде жұкпалы аурулардың өршіп тұруы, одан сақтану жолдарын жазып, халыққа ой салған. Бүгінгі күнмен өте өзектес мәселені көтерген қазақ қызы.

Сонымен қатар ол жиналыс пен митингтерде жиі сөз сөйлеп, лекциялар жүргізген. Қазақ, татар, өзбек, қырғыз, орыс тілдерін еркін меңгерген Аққағаз лекцияларын тыңдаушыларының ұлттық құрамын ескере отырып оқыған. Оның қоғамдық қызметі туралы айтқанда еңбекқорлығын ерекше атап өткен жөн.

Аққағаз Досжанова 1922 жылы алғашқы Түркістандық дәрігерлер съезіне өкіл ретінде барып, ғылыми бас қосуларға белсене араласады. Ол өз баяндамасында ана мен баланы қорғау мәселесіне көп көңіл бөледі. Гинекологиялық ауруханаларда қызмет атқара жүріп, көшеде қалған қараусыз, панасыз балаларды жинап, балалар үйіне орналастырады.

Бірінші Дүниежүзілік соғыс пен Азамат соғысы жүз мыңдаған адамның өмірін қиып, мыңдаған баланы жетім қалдырды. Аққағаз Досжанова осы ауыр оқиғалардың ортасында болды. Сонымен қатар, ол ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Еділ бойы мен Оралдың аш балаларын Қазақстанға эвакуациялау мен орналастыру жөніндегі комиссияның мүшесі болды. Ол жетімдерді балалар үйлеріне орналастырып қана қоймай, сонымен қатар, олардың денсаулығына да көңіл бөліп, емдеумен айналысқан. Себебі, балалар арасында тері ауруларына шалдыққандар көп болды. Тіпті, ауылдарда жылап не ауырған бала болса, Аққағаздың келіп, емдеп жазатынына сеніп, бесік жырын айтатын болған.

Осы жұмыстары барысында Аққағаз болашақ жары Әділгерей Ершинмен танысады. Ә. Ершин Азамат соғысы жылдары басқа семинаршылармен бірге Ақтөбеден Ташкентке ауыстырылған еді. Мамандардың жетіспеушілігіне байланысты Т. Рысқұлов Ә. Ершинге өңірде балалар мекемелерін ұйымдастыруды тапсырды.

1920 жылдың көктемінде Ә. Ершин оқуын тәмамдап, жеті интернатты меңгерген, осыған байланысты жолдастары оған қалжындап «Жетібасты» деген ат қойған. Әділгерей мен Аққағаз 1921 жылдың күзінде танысады. Екеуі әріптестерінің арасында ең үлкендері болғандықтан, жастар жағы «құдандастырып» отыратын деп еске алады Ә. Ершин өз естеліктерінде. Олардың қалжыңдары жүзеге асып, 1925 жылы Әділгерей мен Аққағаз шаңырақ көтереді.

Жолдасы Ә.Ершин өз естелігінде Аққағаз тұлғасын дәрігер ретінде де, ұстаз ретінде де әңгімелейді. Өз тілімен қоса басқа тілдерді де терең меңгергендігі сонша, әр сөзді анық айтып, жалғау мен екпінді шатастырмайтын. Қазақ тілінде мақалдатып сөйлегенде, біз аңырқап қалатынбыз. Яғни, Аққағаз Досжанованың өз заманындағы тіртуар тұңғыш жоғары білімді дәрігер, ақыл-парасатымен саяси істерге белсене араласқан, Алаш қайраткерлерінің зор құрметіне ие болғанын көрсетеді. Аққағаз ағасы Сағындық Досжановты сыйлап, ұстазы ретінде ерекше құрмет тұтқан. Алғашқы білім алған ұстазы ретінде жылы жүзін еске алып, сабаққа дұрыс дайындық жасамасам, құлағымнан тартып жазалайтын деп күліп отыратын. 1925 жылы отбасын құрып, 1926 жылы дүниеге Шахбаз деген ұлымыз келеді. Ол өз баламызбен қоса С.Досжановтың үш ұлын (Арон, Мухаммед, Әлімғазы) тәрбиелейді.

Ташкенттегі орта мектепті бітіріп, Мәскеуден жоғары білімді агроном, инженер мамандықтарын игереді. Өкініштісі, кейіннен бұл үш жігіт, әр түрлі аурулардан көз жұмады. Денсаулығына байланысты тағы да дүниеге бала әкеле алмайтынын білген балажан Аққағаз, менімен келіспей, жақындарымның Қапиза, Нағима деген қыздарын қарамағына алды. Қыздарға берген тәрбиесі мен білімі басқалар үшін үлгі болды. Бұнымен Аққағаз тоқтамады, менің үлкен ағамның 2 жасар ұлы Ануарбекті (1924 жылғы) ұлым Шахбазға серік болсын деп асырып алғаны туралы естелігінде бөліседі [3, 108 б.]. 1931 жылы Аққағаз күйеуімен Ташкенттен Алматыға көшеді. Астанада Аққағаз қалалық ауруханалардың бірінде жұмыс істейді. Қазақ даласында аштық белең алған кезде Аққағаз бар күшін адамдарды құтқаруға жұмсайды. Жан аямай еңбек етіп жүріп, денсаулығы нашарлаған соң, отбасы Шымкентке көшеді, сол жерде 1932 жылдың 29 қаңтарында А. Досжанова өмірден өтеді.

Бар болғаны 39 жыл ғана өмір сүрген Аққағаз Досжанованың өмірінің әр секунды туған халқына арналды.

А.Досжанованың тұлғасын қайта жаңғырту мақсатында көптеген зерттеулер мен мемлекеттік органдарға сұраныс-хаттар түсірудің арқасында тұңғыш дәрігердің еңбегі ақталып, есімі жария етіледі.

Аққағаз Досжанованың құрметіне 2016 жылы 17 маусым күні Ақтөбе қаласының орталығындағы көшелердің біріне қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш жоғары білімді дәрігер, қоғам қайраткері Аққағаз Досжанованың есімі берілді. Осы көше бойына орналасқан М.Оспаңов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің Студенттер кешені алдына Аққағаз Досжанованың ескерткіші орнатылды. Салтанатты жиынға Аққағаз Досжанованың ұрпақтары қатысты [5].

Аққағаз Досжанова — қазақ медицинасының алғашқы қарлығаштарының бірі, елінің болашағы үшін қажырлы еңбек еткен ұлы тұлға. Оның өмір жолы — тағдырдың қиындықтарына қарсы тұра отырып, білімге, мамандыққа және қоғамның игілігіне адалдықпен қызмет ету үлгісі. Аққағаздың жүрек жарды сөздері, оның адамгершілігі мен кәсіби біліктілігін айқын көрсетеді. Ол «Дәрігерлік — бұл тек мамандық емес, адамның жүрегіне жылы әсер ету, жан дүниесін түсіну» деген принциппен өмір сүрді. Адамдардың өміріне, денсаулығына жауапкершілікпен қарау, оларды қолдап, қажет кезде жәрдемдесу — оның басты ұстанымы болды. Азамат соғысы, аштық пен эпидемия замандары, жетім қалған балалар мен зардап шеккендер — осының бәрі Аққағаздың жүрегіндегі отты сөндірмей, қайрат көрсетіп, халқына қызмет етуге деген ұмтылысын күшейтті. Ол: «Менің мақсатым — халқымның денсаулығы, балаларымның бақытты болашағы» деген болатын. Бұл сөздер бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Аққағаз Досжанованың өмірі — арман мен шынайылықтың, күрес пен жеңістің, даналық пен жігердің символы. Оның даналығы мен мейірімділігі, өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі — әрбір қазақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Біз Аққағаз Досжанованы ұмытпай, оның ізімен жүруіміз керек, өйткені ол «Дәрігерлік — адамның өміріне сенім мен үміт сыйлау» деген қағиданы өз ісінде дәлелдеді. Аққағаз Досжанова — қазақтың маңдайына біткен бағы, мәңгілік үлгі, ұлттың рухы. Ол туралы айтқанда, оның жасаған игіліктері мен ұлағатты сөздері әрдайым жадымызда тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздыққызы Р. Қазақтың қайраткер қыздары. // Ақиқат журналы. - 1993 ж.
2. Қаңтарбаева Ж. Аққағаз Досжанова. - Алматы, 1974.
3. Қонбай Е., Әбденев А. Батыстан шыққан тұңғыш әйел дәрігер – Аққағаз Досжанова. // Шәкәрім университетінің хабаршысы. Тарих ғылымдары. / Ғылыми журнал. - №1 (1) 2024. 114-б.
4. Тайжанов А. Аққағаз Досжанова как врач и общественный деятель // Медицинский журнал Западного Казахстана. 2016. - №2(50). – С. 91– 95
5. Сәрсембина Б. Аққағаздың аманаты. // Жас алаш. - 2009. - 18 тамыз.

## АЛАШ ИДЕЯСЫ – ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ИДЕЯСЫ

Сапархан Ә.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м. Мухатаева Г.А.

Қарағанды медицина университеті

[saparkhan.abdigani@gmail.com](mailto:saparkhan.abdigani@gmail.com)

Қарағанды қ.